Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі
«Балбөбек» жеке бөбекжайы

«Бекітілді»
Бөбекжай меңгерушісі «Балбөбек» М.М.Халимуллина

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Көктерек ауылы

Scanned with CamScanner

Консультациялық пункт туралы Ереже

1.Жалпы ережелер

1.1.Осы Ереже Казталов ауданы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы жанынан ұйымдастырылатын Консультациялық пункттің қызметін реттейді.

1.2. Консультациялық пункт ата-аналарға (заңды өкілдерге) балаларды тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтендіру және психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша консультациялық-әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылады.

1.3. Консультациялық пункт өз қызметін бөбекжай меңгерушісінің бұйрығы, бекітілген жұмыс жоспары және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырады.

2.Мақсаты:

Баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналарға баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде кәсіби консультациялық көмек көрсету және балаға қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай қалыптастыруға ықпал ету.

3.Міндеттері:

3.1.Ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері туралы ақпарат беру.

3.2.Баланың эмоционалдық,әлеуметтік, танымдық және сөйлеу дамуына байланысты мәселелер бойынша кеңес беру.

3.3.Баланың бөбекжайға бейімделуіне байланысты ата-аналарға ұсынымдар беру.

3.4.Ата-ана мен бала арасындағы тиімді қарым-қатынасты қалыптастыруға көмек көрсету.

3.5.Баланың мінез-құлқындағы қиындықтардың алдын алу бойынша консультациялық көмек көрсету.

3.6.Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру.

3.7.Қажеттілігіне қарай баланы тиісті мамандарға консультацияға бағыттау жөнінде ұсыным беру.

4.Негізгі жұмыс бағыттары:

Консультациялық пункт мына бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- психологиялық консультация;
- педагогикалық консультация;
- психологиялық – педагогикалық ағарту;
- ата-аналарға жеке ұсынымдар беру;
- баланың даму ерекшеліктерін түсіндіру;

Scanned with CamScanner

- алдын алу жұмыстары;
- педагогтермен бірлескен консультациялық жұмыс;
- ақпараттық-әдістемелік көмек

5. Жұмыс түрлері:

- жеке консультация;
- топтық консультация;
- әңгімелесу;
- кеңес беру;
- семинар;
- тренинг;
- ата-аналар жиналысы;
- жадынама тарату;
- ақпараттық бұрыш ұйымдастыру

6.Жұмысты ұйымдастыру:

6.1. Консультациялық пункттің жұмыс кестесін бөбекжай меңгерушісі бекітеді.
6.2. Консультация ата-ананың (заңды өкілдің) өтініші немесе маманның ұсынысы негізінде ұйымдастырылады.
6.3.Баламен психологиялық диагностика, консультация немесе дамыту жұмыстары ата- ананың (заңды өкілдің) жазбаша келісімі болған жағдайда жүргізіледі.
6.4.Консультация барысында алынған жеке мәліметтер құпия сақталады.
6.5. Консультациялық пункт қызметі ақысыз негізде жүзеге асырылады.

7. Консультациялық пункт мамандарының міндеттері:

Педагог-психолог:

- баланың эмоционалдық жағдайы мен қарым-қатынас ерекшеліктері бойынша консультация береді;
- ата-аналарға психологиялық ұсынымдар береді;
- қажет болған жағдайда жеке және топтық дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.

Әдіскер:

- консультациялық пункттің әдістемелік жұмысын үйлестіреді;
- педагогтермен бірлескен жұмысты ұйымдастырады.

Scanned with CamScanner

Тәрбиеші:

- баланың күнделікті тәрбиесі мен дамуына қатысты ата-аналарға кеңес береді;
- ата-анамен кері байланысты қамтамасыз етеді.

Арнайы педагог/логопед:

- баланың сөйлеу және ерекше білім беру қажеттіліктеріне қатысты консультациялық көмек көрсетеді.

8.Құжаттама жүргізу:

Консультациялық пунктте:

- меңгерушінің бұйрығы
- консультациялық пункт туралы ереже
- пункттің жылдық жұмыс жоспары
- жұмыс кестесі
- консультацияларды есепке алу журналы
- ата-аналардың өтініштері
- қажетті жағдайда жазбаша келісімдер
- консультация материалдары
- ата-аналарға арналған ұсынымдар мен жадынамалар
- жылдық талдамалық есеп сақталады.

9.Қорытынды ережелер:

9.1. Консультациялық пункт жұмысының нәтижелері оқу жылының соңында талданады.

9.2.Жұмыс нәтижесі бойынша жылдық талдамалық есеп жасалады.

9.3.Осы Ереже бөбекжай меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі және қажет болған жағдайда қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жаңартылады.

Scanned with CamScanner